



Нұрлан Орынбасарұлы ДУЛАТБЕКОВ

Биобиблиографиялық көрсеткіш

Нурлан Орынбасарович ДУЛАТБЕКОВ

Биобиблиографический указатель

Nurlan Orynbasarovich DULATBEKOV

Bio-bibliographic index

Қарағанды, 2025

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»
NLC "KARAGANDY UNIVERSITY OF THE NAME OF ACADEMICIAN E.A. BUKETOV"

**Нұрлан Орынбасарұлы
ДУЛАТБЕКОВ**

Биобиблиографиялық көрсеткіш

**Нурлан Орынбасарович
ДУЛАТБЕКОВ**

Биобиблиографический указатель

**Nurlan Orynbasarovich
DULATBEKOV**

Bio-bibliographic index

Қарағанды
2025

**ӘОЖ 01:34
КБЖ 91.9:67
Н86**

Құрастырушы — Составитель
Нұрғұл Ерқанатқызы, PhD, қауымд. проф.

Жауапты редактор — Ответственный редактор
Е.М. Тажбаев, ҚР ҰҒА академигі, хим. ғыл. д-ры, проф.

Н86 Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбеков: биобиблиографиялық көрсеткіш = Нурлан Орынбасарович Дулатбеков: биобиблиографический указатель = Nurlan Orynbasarovich Dulatbekov: Bio-bibliographic index / Құраст.: Н. Ерқанатқызы; жауапты ред. Е.М. Тажбаев. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2025. — 112 б. — Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-362-268-2

Биобиблиографиялық көрсеткіш ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековке арналған. Оған 1988–2025 жылдар аралығында жарияланған монографиялар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми жинақтардағы, сондай-ақ мерзімді және жалғаспалы басылымдардағы мақалалар, энциклопедиялар мен сөздіктер кіреді.

Басылым заң ғылымдарының мамандарымен қатар, тарихқа қызығушылық танытқан көпшілік оқырманға ұсынылады.

Биобиблиографический указатель посвящен академику Национальной академии наук Республики Казахстан, доктору юридических наук Нурлану Орынбасаровичу Дулатбекову. В указатель включены монографии, учебные и учебно-методические пособия, статьи из научных сборников, периодических и продолжающихся изданий, энциклопедий и словарей, опубликованные в период с 1988 по 2025 годы.

Издание адресовано специалистам в области юридических наук, истории, а также широкому кругу читателей.

The bio-bibliographic index is dedicated to Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Law Nurlan Orynbasarovich Dulatbekov. It includes monographs, textbooks, teaching aids, articles from scientific collections, periodicals, and continuing publications, as well as encyclopedias and dictionaries published between 1988 and 2025.

The publication is intended for both legal scholars and a wide audience interested in history.

**ӘОЖ 01:34
КБЖ 91.9:67**

ISBN 978-601-362-268-2

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті, 2025
© Дулатбеков Н.О., 2025



Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбеков

Мазмұны – Содержание

Оқырманға.....	6
К читателю	7
To the Reader	8
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Н.О. Дулатбековтің өмірі мен қызметінің негізгі даталары.....	9
Білімі, ғылыми дәрежелері мен атақтары	9
Еңбек қызметі.....	10
Ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа және қоғамдық-саяси өмірге араласуы.....	11
Марапаттары.....	12
Қысқаша өмірбаяндық очеркі.....	15
Основные даты жизни и деятельности академика Национальной академии наук РК, доктора юридических наук, профессора Н.О. Дулатбекова.....	25
Образование, ученые степени и звания	25
Трудовая деятельность	26
Участие в научно-организационной работе и общественно-политической жизни	27
Награды.....	28
Краткий биографический очерк	31
Brief biographical overview.....	40

Н.О. Дулатбеков еңбектерінің библиографиясы.	49
Библиография трудов Н.О. Дулатбекова	49
Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші ..	49
Хронологический указатель трудов.....	49
Кітаптары, монографиялары	49
Книги, монографии	49
Ғылыми-педагогикалық еңбектері	64
Научно-педагогические труды.....	64
«Қарлаг: болашақ үшін есте сақтау» ғылыми-ағарту жобасы аясындағы басы- лымдар.....	84
Издания в рамках научно-просветитель- ского проекта «Карлаг: память во имя будущего»	84
Мақалалар	96
Статьи.....	96
Abai.kz ақпараттық порталы	96
Егемен Қазақстан	99
Казахстанская правда	100
Ortalyq Qazaqstan	103
Индустриальная Караганда	105
Басқа басылымдардағы мақалалар....	106
Статьи в других изданиях.....	106
Н.О. Дулатбеков туралы жарияланымдар	109
Издания о Н.О. Дулатбекове	109
Авторлық куәліктер.....	111
Авторские свидетельства	111

Оқырманға

Биобиблиографиялық көрсеткіш ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, ЮНЕСКО ұлттық орталықтарының Еуропалық желісі және Еуропа кеңесі жанындағы аккредиттелген Халықаралық кадр академиясының корреспондент-мүшесі, Я.А. Коменский атындағы Халықаралық славян білім академиясының академигі, Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының академигі және Ресей заң ғылымдары академиясының академигі Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековке арналған.

Бұл көрсеткіш ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын материалдарды, заң ғылымы мен біліміне қосқан үлесін, оның жарияланымдары мен ол туралы әдебиеттерді қамтиды.

Көрсеткіштегі материал хронологиялық тәртіппен орналасқан, бұл көптеген жылдар ішіндегі ғалымның ғылыми зерттеулері мен жетістіктерінің эволюциясын бақылауға мүмкіндік береді. Оған 1988–2025 жылдар аралығында жарияланған монографиялар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми жинақтардағы, сондай-ақ мерзімді және жалғаспалы басылымдардағы мақалалар, энциклопедиялар мен сөздіктер кіреді.

Басылым заң ғылымдарының мамандарымен қатар, Қазақстанда және одан тыс жерлерде заң ғылымының тарихы мен дамуына қызығушылық танытатын көпшілік оқырманға арналған.

К читателю

Биобиблиографический указатель посвящен академику НАН РК, доктору юридических наук, профессору, члену-корреспонденту Международной Кадровой Академии, аккредитованной при Европейской сети национальных центров ЮНЕСКО и Совета Европы, академику Международной славянской академии образования им. Я.А. Коменского, академику Академии педагогических наук Казахстана и академику Российской академии юридических наук Нурлану Орынбасаровичу Дулатбекову.

Данный указатель включает материалы, всестороннее характеризующие жизнь и деятельность ученого, его вклад в юридическую науку и образование, содержит сведения о его публикациях и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, что позволяет проследить эволюцию научных исследований и достижений ученого на протяжении многих лет. В него включены монографии, учебные и учебно-методические пособия, статьи из научных сборников, а также из периодических и продолжающихся изданий, энциклопедий и словарей, опубликованных в период с 1988 по 2025 годы.

Издание адресовано как специалистам по юридическим наукам, так и широкому кругу читателей, интересующихся историей и развитием юридической науки в Казахстане и за ее пределами.

To the Reader

The bio-bibliographic index is dedicated to Nurlan Orynbasarovich Dulatbekov, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Law, Professor, Corresponding Member of the International Personnel Academy (accredited by the European Network of National Centers of UNESCO and the Council of Europe), Academician of the International Slavic Academy of Education named after J.A. Komensky, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan, and Academician of the Russian Academy of Legal Sciences.

This index includes materials that comprehensively highlight the life and work of the scholar, as well as his contribution to legal science and education, includes information about his publications and literature about him.

The material in the index is arranged in chronological order, allowing readers to trace the evolution of the scholar's research and achievements over the years. It includes monographs, textbooks, teaching and methodological guides, articles from scientific collections, as well as from periodicals and ongoing publications, encyclopedias, and dictionaries published from 1988 to 2025.

The publication is intended for both legal scholars and a wide audience interested in history and the development of legal science in Kazakhstan and beyond.

**ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
заң ғылымдарының докторы, профессор
Н.О. Дулатбековтің өмірі мен қызметінің
негізгі даталары**

Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбеков 1962 жылы 5 мамырда Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген.

Білімі, ғылыми дәрежелері мен атақтары

1979 ж. — Қарағанды облысы Шет ауданы Кеншоқы ауылының орта мектебін үздік бітірген.

1979–1984 жж. — Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін «Құқықтану» мамандығы бойынша үздік бітірген.

1989–1992 жж. — Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Мемлекет және құқық институтының күндізгі аспирантурасын тәмамдаған.

1993 ж. — «Адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстарға жазаны жеке даралау» тақырыбында заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1995 ж. — «Құқықтану» ғылым саласы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

2003 ж. — «Құқықтану» мамандығы бойынша «Жаза тағайындау теориясы мен практикасы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

2004 ж. — «Құқықтану» ғылым саласы бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

2012 ж. — Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

2024 ж. — Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүшесі.

2025 ж. — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі атағы берілді.

Еңбек қызметі

1984–1986 жж. — Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеді.

1986–1989 жж. — Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қылмыстық құқық кафедрасының оқытушысы.

1989–1992 жж. — Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Мемлекет және құқық институтының аспиранты, Ахмет Байтұрсынов атындағы бөлімшенің қоғамдық ғылымдар стипендиаты.

1992 ж. — Республиканың жас ғалымдар тобының құрамында Қазақстан Республикасы Президен-

тінің қабылдауында болып, Түркия университеттеріне ғылыми-педагогикалық тағылымдамадан өтуге жіберілді.

1993–1996 жж. — доцент, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың заң факультетінің кафедра меңгерушісі.

1994–1997 жж. — Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланды, Испания, Малайзия, Түркия университеттерінде ғылыми-педагогикалық тағылымдамадан өтті.

1996–2013 жж. — Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры.

2013–2016 жж. — Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы.

2016–2020 жж. — Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.

2020 ж. қыркүйектен бастап — Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры.

*Ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысқа
және қоғамдық-саяси өмірге араласуы*

1988 ж. — Кореядағы XIII Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің делегаты.

1997 ж. — Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі.

2002 ж. — ЮНЕСКО ұлттық орталықтарының Еуропалық желісі және Еуропа кеңесі жанындағы

аккредиттелген Халықаралық кадр академиясының корреспондент-мүшесі (Киев қ., Украина).

2005 ж. — Я.А. Коменский атындағы Халықаралық славян білім академиясының академигі (Молдова).

2005 ж. — Ресей заң ғылымдары академиясының мүшесі.

2005 ж. — «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының мүшесі.

2007 ж. — Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының мүшесі.

2007 ж. — Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты.

2012 ж. — Петровский ғылым және өнер академиясының мүшесі (Санкт-Петербург қ., Ресей).

2013 ж. — Құқықтану жөніндегі Республикалық ОӘБ мүшесі (Астана қ.).

2013 ж. — «Нұр Отан» ХДП Қарағанды облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшесі.

2013 ж. — Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі.

Марапаттары

1993–1996 жж. — дарынды жас ғалымдарға арналған Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік стипендиясының иегері.

2002 ж. — Халықаралық кадр академиясының «Білім берудегі еңбегі үшін» Алтын медалінің иегері (Киев қ., Украина).

2003 ж. — ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

2004 ж. — «Қазақстандағы 2004 жылғы заңгер» номинациясы бойынша «Алтын Адам — Жыл адамы» арнайы ұлттық сыйлығының иегері.

2004 ж. — «Қарағанды облысы Шет ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болды.

2006 ж. — «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған.

2008 ж. — «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» атағына ие болды.

2009 ж. — «Білімді қолдағаны үшін» номинациясы бойынша жыл сайынғы «Алтын жүрек-2009» ұлттық қоғамдық сыйлығының дипломымен марапатталған.

2010 ж. — Қазақстан Республикасының II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталған.

2010 ж. — «Қазақстан Республикасының “Құқық” саласындағы жыл профессоры» атағына ие болды.

2011 ж. — «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталған.

2014 ж. — А. Байтұрсынов атындағы Алтын медальмен марапатталған.

2018 ж. — «Күншығыс елі, гүлөрнекті Алтын шуақ орденінің» кавалері (Жапония).

2021 ж. — Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталған.

2021 ж. — «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен марапатталған.

2023 ж. — «Қарағанды қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болды.

2024 ж. — «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

2025 ж. — «Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталған.

2025 ж. — «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» медалінің иегері.

ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНДЫҚ ОЧЕРКІ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің көрнекті қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы 1962 жылы 5 мамырда Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында қызметшілер отбасында дүниеге келген. 1979 жылы орта мектепті үздік бітіріп, Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне «Құқықтану» мамандығы бойынша оқуға түседі.

Студенттік жылдарында университеттің, облыстың және республиканың қоғамдық қызметіне белсене араласады. БЛКЖО ОК Құрмет грамоталарымен және Қазақстан ЛКЖО грамотасымен марапатталған. Корея Республикасындағы XIII Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің делегаты болып сайланған. Командир ретінде «Қазақстан» Республикалық студенттік құрылыс жасағын басқарып, 1988 жылы КСРО-ның он бес мың студенттік құрылыс жасағының арасында бірінші орынды иеленді. Құрылыс жасақтарындағы жұмыс Н.О. Дулатбековтің жоғары деңгейдегі жеке жауапкершілігін, өзіне және өзгелерге деген талапшылдығын, адамдармен жұмыс істеу дағдыларын, жағдайды кешенді талдау, шешім қабылдау және оларды жүзеге асыру қабілетін қалыптастырды.

1984 жылы университетті бітіргеннен кейін Алматы гарнизонының әскери трибуналында хатшы ретінде қызметін өткерді.

1986–1996 жылдар аралығында Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті заң факультетінің қылмыстық құқық кафедрасында аға оқытушы, доцент және кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1992 жылы Қазақстан Республикасының жас ғалымдар тобының құрамында ҚР Президентінің қабылдауында болып, Түркия университеттеріне ғылыми-педагогикалық тағылымдамадан өтуге жіберілді.

Н.О. Дулатбеков заңгерлік білім беру саласында мемлекеттік тілді дамытуға елеулі үлес қосты. 1993 жылы ол заң ғылымы тарихында қазақ тілінде тұңғыш рет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы мамандандырылған кеңесте «Адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстарға жазаны жеке даралау» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. 1994 жылдан 1997 жылға дейін Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланды, Испания, Малайзия университеттерінде ғылыми-педагогикалық тағылымдамадан өтті.

2003 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша «Жаза тағайындау теориясы мен практикасы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1996–2013 жылдар кезеңінде Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры лауазымын атқарды. Н.О. Дулатбековтің басшылығымен Қарағандыда алғашқы жекеменшік жоғары оқу орны — «Болашақ» маңызды білім беру институты (қазіргі уақытта «Bolashaq» академиясы) құрылды және дамыды. Егер институт қызметінің бастапқы кезеңінде алты мамандық бойынша үш жүзге жуық студент оқыса, уақыт өте келе білім алушылар саны 6500 адамға дейін ұлғайды. 2012 жылға қарай жоғары оқу орны бакалавриаттың 14 мамандығы, магистратураның 4 бағыты және докторантура бойынша даярлау бағдарламаларын ұсынды. Н.О. Дулатбеков ғылыми-зерттеу қызметіне орасан зор көңіл бөлді.

2002 жылдан бастап институт Халықаралық кадрлар академиясының ұжымдық мүшесі — Еуропа/ЮНЕСКО кеңесінің академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі Ұлттық ақпараттық орталықтардың Еуропалық желісінің мүшесі болды.

Н.О. Дулатбековтің бастамасымен бірқатар ірі ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылды. Солардың қатарындағы «Қарлаг: болашақ үшін есте сақтау» зерттеу жобасының орны ерекше. Жобаның мақсаты азаматтарды саяси қуғын-сүргін және халықтарды Қазақстанға депортациялау тақырыбымен мәдени-бұқаралық таныстыру. Н.О. Дулатбековтің жетекшілігімен жұмыс тобы мұрағат материалдарын іздестірді, тарихи оқиғалардың куәгерлері табылды

және Қарлаг-тың танымал тұтқындарының ұрпақтарымен кездесулер ұйымдастырылды, Дон зиратында (Мәскеу қ.) көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейхан мен Нығмет Нұрмақовтың есімдері жазылған ескерткіш тақталар орнатылды. Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мұражайын ұйымдастыруға үлкен көмек көрсетілді, отандық және шетелдік мұражайларда көрмелер өткізілді, кітаптар мен олардың аудармалары әлемдегі ең ірі жетекші кітапханаларға, мәдени орталықтарға берілді. Олардың ішінде: Гарвард университетінің кітапханасы (АҚШ), М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің ғылыми кітапханасы (Ресей), Токио Кейзай университетінің кітапханасы (Жапония), Францияның ұлттық кітапханасы (Париж), Корольдік географиялық қоғамның кітапханасы (Лондон) және т.б.

Н.О. Дулатбековтің жеке мұрағатынан Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатына 1822–2020 жылдар кезеңін қамтитын 476 іс көлеміндегі құжаттар берілді.

Нұрлан Дулатбеков М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры қойған «Ақтастағы Ахико» спектаклі идеясының авторы. Спектакль премьерасы 2016 жылы Алматыда сахналанды. 2017 жылы осы спектакльмен театр Жапонияға гастрольдік сапармен барды.

Н.О. Дулатбековтің ғылыми қызығушылықтары қылмыстық құқықтың жалпы мәселелеріне бағытталған. 2011 жылы Н.О. Дулатбеков Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құқық» мамандықтар тобы бойынша Оқу-әдістемелік секциясы ұйымдастырған «“Құқық” саласындағы жыл профессоры» номинациясында жыл сайынғы республикалық конкурстың жеңімпазы атанды. Оған аға буын ішіндегі жетекші заңгерлердің аса құнды рухани мұраларын бүгінгі ұстаным тұрғысынан таразылау қажеттілігінен туындаған «Қазақстанның құқықтық ой жауһарлары» сериясын құру идеясы тиесілі. Н.О. Дулатбеков қылмыстық құқық бойынша бірқатар монографиялардың, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Оның жетекшілігімен қазақ қайраткерлеріне арналған «Сәкен Сейфуллин», «Қадауысты Қазыбек би» және «Бұқар жырау» энциклопедиялары жарық көрді.

Ғылыми жұмыстардан бөлек Н.О. Дулатбеков Қарағанды облысының және республиканың қоғамдық және саяси өміріне белсене араласады. 2005 жылы «Нұр Отан» партиясының облыстық штаб орталығының үйлестірушісі, Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі кеңестің мүшесі болды, сондай-ақ облыстық саяси кеңестің құрамына кіреді.

2007 жылы студенттік сайлау округі бойынша Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты бо-

лып сайланды, Заңдылық пен азаматтардың құқықтарын сақтау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы лауазымында жұмыс атқарды. 2012 жылы Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты болып қайта сайланды. 2013–2016 жылдары Қарағанды облысы бойынша облыстық мәслихаттың хатшысы болды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды, 2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтайдың мүшесі.

2020 жылы Н.О. Дулатбеков «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-тың ректоры болып тағайындалды. Оның басшылығымен университеттің даму стратегиясы жанданып, білім беру қызметіне жаңа технологияларды енгізу, ғылыми мектептерді дамыту, студенттермен тәрбие жұмысы, қызметкерлер мен білім алушыларды әлеуметтік қолдау жолға қойылды. Оқытудың сапасына және студенттерді бағалаудың объективтілігіне ерекше назар аударылды. Өңірде сұранысқа ие жаңа білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау басталды. Жұмыс берушілермен бірлесіп заманауи мамандандырылған кабинеттер мен зертханалар ашылды. Білім алушыларға ыңғайлы болу үшін кітапханалардың оқу залдары жаңғыртылды, коворкинг аймақтары құрылды, тренажер залдары салынды, спорт ғимараттары толық қайта жаңартылды. Соңғы 30 жылда алғаш рет университеттің ин-

фрақұрылымы дами бастады: технопарк пайдалануға берілді, инновациялық термос-жылыжай және дендропарк салынды, 500 орындық тоғыз қабатты студенттік жатақхананың құрылысы басталды, университет кампусында спорт алаңдары пайда болды.

Бұл жылдар университет ғылымының белсенді дамуымен ерекшеленді, жыл сайын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде және өңір кәсіпорындарымен шарттар бойынша 100-ден астам жоба іске асырылады. 2020 жылдан 2025 жылға дейін ғылыми қызметтен тартылған қаражат көлемі 7 есе артты және университеттің жалпы табысынан 20 %-ға ұлғайды. Университетте PhD докторантураның 17 білім беру бағдарламасы бойынша даярлау жүргізілуде, 12 диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Университет басып шығаратын ғылыми журналдар халықаралық деңгейге шықты.

Жоғары оқу орны үздік педагогтар мен ғалымдарды, оның ішінде «Болашақ» бағдарламасының түлектерін, шетелдік мамандарды, түрлі салалардағы практиктерді тарта бастады. Студенттер контингенті едәуір өсті, оқуға түсушілер арасында еліміздің басқа өңірлерінен келетін өкілдер көбейді, шетелдік студенттердің үлесі артып келеді.

ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ-қа зерттеу университеті мәртебесі берілді, бұл өз кезегінде жоғары оқу орны үшін

ерекше мүмкіндіктер туғызды. Үкімет сонымен қатар университеттің инфрақұрылымын дамыту үшін бюджет қаражатын бөлуді қамтитын университеттің 2024–2028 жылдарға арналған Даму бағдарламасын бекітті.

Бүкіл еңбек жолында Н.О. Дулатбеков редакциялық кеңестер мен ғылыми журналдарда белсенді жұмыс жүргізіп келеді: «Қазіргі заманның өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми журналының бас редакторы (Қазақстан–Ресей), «Инновациялық білім және экономика» ғылыми-практикалық журналының редакциялық кеңесінің мүшесі (Омбы экономикалық институты), Жоғарғы Сот және «Тураби» Судьялар одағы журналының редакциялық алқасының мүшесі болды. Қазіргі уақытта — «Қарағанды университетінің хабаршысы. «Құқық» сериясы» ғылыми журналының бас редакторы.

Н.О. Дулатбеков Ресей заң ғылымдары академиясының мүшесі, Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының мүшесі, Халықаралық кадр академиясының корреспондент-мүшесі (Украина), Я.А. Коменский атындағы Халықаралық славян білім академиясының толық мүшесі (Молдова), Петровский ғылым және өнер академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі.

2012 жылы Н.О. Дулатбеков Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 2025 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі атағы берілді.

Профессор Н.О. Дулатбековтің жетекшілігімен сегіз ізденуші кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Н.О. Дулатбеков халықаралық және отандық басылымдарда жарияланған түрлі өзекті тақырыптарды қамтитын 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Н.О. Дулатбеков келесі мемлекеттік наградалармен: II дәрежелі «Достық» орденімен, «Құрмет» орденімен марапатталған, «Күншығыс елі, гүлөрнекті Алтын шуақ орденінің» кавалері (Жапония); «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл», «Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медальдарына ие болған, Халықаралық кадр академиясының «Білім берудегі еңбегі үшін» Алтын медалімен, А.Байтұрсынов атындағы Алтын медальмен, «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталған; «Қазақстандағы жыл заңгері» номинациясы бойынша «Алтын

Адам — Жыл адамы» конкурсы ұлттық сыйлықтарының иегері атанған, «Білімді қолдағаны үшін» номинациясы бойынша Қазақстанның «Алтын жүрек» («Золотое сердце») ұлттық сыйлығының номинанты, Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаттарымен марапатталған.

**Основные даты жизни и деятельности
академика Национальной академии наук РК,
доктора юридических наук, профессора
Н.О. Дулатбекова**

Нурлан Орынбасарович Дулатбеков родился 5 мая 1962 года, в селе Аксу-Аюлы Шетского района Карагандинской области.

Образование, ученые степени и звания

1979 г. — с отличием окончил среднюю школу с. Кеншоки Шетского района Карагандинской области.

1979–1984 гг. — с отличием окончил юридический факультет Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова по специальности «Правоведение».

1989–1992 гг. — окончил очную аспирантуру Института государства и права Академии наук Республики Казахстан.

1993 г. — защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата юридических наук на тему «Индивидуализация уголовного наказания за преступления против жизни».

1995 г. — присвоено ученое звание доцента по отрасли наук «Правоведение».

2003 г. — защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора юридических наук на тему «Теория и практика назначения наказания» по специальности «Правоведение».

2004 г. — присвоено ученое звание профессора по отрасли наук «Правоведение».

2012 г. — избран член-корреспондентом Национальной академии наук Республики Казахстан.

2024 г. — избран членом Национальной академии наук Республики Казахстан.

2025 г. — присвоено звание академика Национальной академии наук при Президенте Республики Казахстан.

Трудовая деятельность

1984–1986 гг. — служба в рядах Советской армии.

1986–1989 гг. — преподаватель кафедры уголовного права КарГУ им. Е.А. Букетова.

1989–1992 гг. — аспирант Института государства и права Академии наук Республики Казахстан, стипендиат общественных наук отделения им. Ахмета Байтурсынова.

1992 г. — в составе группы молодых ученых Республики был принят Президентом Республики Казахстан и направлен для прохождения научно-педагогической стажировки в университеты Турции.

1993–1996 гг. — доцент, заведующий кафедрой юридического факультета КарГУ им. Е.А. Букетова.

1994–1997 гг. — проходил научно-педагогическую стажировку в университетах Великобритании, Франции, Бельгии, Нидерландов, Испании, Малайзии, Турции.

1996–2013 гг. — ректор Карагандинского университета «Болашак».

2013–2016 гг. — секретарь Карагандинского областного Маслихата.

2016–2020 гг. — депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

С сентября 2020 г. — ректор Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова.

*Участие в научно-организационной работе
и общественно-политической жизни*

1988 г. — делегат XIII Всемирного фестиваля молодежи и студентов в Корее.

1997 г. — член-корреспондент Академии социальных наук Республики Казахстан.

2002 г. — член-корреспондент Международной кадровой академии, аккредитованной при Европейской сети национальных центров ЮНЕСКО и Совете Европы (г. Киев, Украина).

2005 г. — академик Международной славянской академии образования им. Я.А. Коменского (Молдова).

2005 г. — член Российской академии юридических наук.

2005 г. — член Народно-Демократической партии Казахстана «Нұр Отан».

2007 г. — член Академии педагогических наук Казахстана.

2007 г. — депутат Карагандинского областного маслихата.

2012 г. — член-корреспондент Петровской академии наук и искусств (г. Санкт-Петербург, Россия).

2013 г. — член Республиканского УМО по юриспруденции (г. Астана).

2013 г. — член Областного политсовета Карагандинской области филиала НДП «Нур Отан».

2013 г. — член Научно-консультативного совета при Верховном суде Республики Казахстан.

Награды

1993–1996 гг. — обладатель государственной стипендии Президента Республики Казахстан для талантливых молодых ученых.

2002 г. — обладатель Золотой медали Международной кадровой академии «За заслуги в образовании» (г. Киев, Украина).

2003 г. — награжден нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан» МОН РК.

2004 г. — обладатель специальной национальной премии «Алтын Адам — Человек года» в номинации «Юрист 2004 года в Казахстане».

2004 г. — присвоено звание «Почетный гражданин Шетского района Карагандинской области»

2006 г. — награжден медалью «10 лет Независимости Республики Казахстан».

2008 г. — удостоен звания «Деятель культуры Республики Казахстан».

2009 г. — награжден дипломом Ежегодной Национальной общественной премии «Алтын жүрек-2009» в номинации «За поддержку образования».

2010 г. — награжден орденом «Достык» II степени Республики Казахстан.

2010 г. — присвоено звание «Профессор года Республики Казахстан в сфере “Право”».

2011 г. — награжден медалью «20 лет Независимости Республики Казахстан».

2014 г. — награжден Золотой медалью им. А. Байтурсынова.

2018 г. — Кавалер «Ордена восходящего солнца, Золотые лучи на шейной ленте» (Япония).

2021 г. — награжден орденом «Құрмет» Республики Казахстан.

2021 г. — награжден медалью «30 лет Независимости Республики Казахстан».

2023 г. — присвоено звание «Почетный гражданин города Караганды».

2024 г. — награжден нагрудным знаком «За вклад в развитие родного языка».

2025 г. — награжден юбилейной медалью «30 лет Ассамблее народа Казахстана».

2025 г. — награжден медалью «За вклад в обеспечение экономической безопасности».

КРАТКИЙ БИОГРАФИЧЕСКИЙ ОЧЕРК

Видный деятель системы образования Республики Казахстан, доктор юридических наук, профессор Дулатбеков Нурлан Орынбасарович родился 5 мая 1962 года в селе Аксу-Аюлы Шетского района Карагандинской области в семье служащего. В 1979 году с отличием окончил среднюю школу и поступил на юридический факультет Карагандинского государственного университета на специальность «Правоведение».

В студенческие годы активно участвовал в общественной жизни университета, области и республики. Награжден почетными грамотами ЦК ВЛКСМ и грамотой ЛКСМ Казахстана. Избран делегатом XIII Всемирного фестиваля молодежи и студентов в Республике Корея. В качестве командира возглавлял Республиканский студенческий строительный отряд «Казахстан», который в 1988 году занял первое место среди пятнадцати тысяч студенческих строительных отрядов СССР. Работа в строительных отрядах сформировала у Н.О. Дулатбекова высокую личную ответственность, требовательность к себе и окружающим, навыки работы с людьми, умение комплексно анализировать ситуацию, принимать решения и реализовывать их.

В 1984 году после окончания университета проходил службу в военном трибунале Алма-Атинского гарнизона в качестве секретаря.

В период с 1986 по 1996 год работал старшим преподавателем, доцентом и заведующим кафедрой уголовного права юридического факультета Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова.

В 1992 году в составе группы молодых ученых Республики Казахстан был принят Президентом РК и направлен для прохождения научно-педагогической стажировки в университеты Турции.

Н.О. Дулатбеков внес значительный вклад в развитие государственного языка в сфере юридического образования. В 1993 году первым в истории юридической науки защитил кандидатскую диссертацию на казахском языке по теме «Индивидуализация уголовного наказания за преступление против жизни» в специализированном совете при Казахском национальном университете имени аль-Фараби. С 1994 по 1997 год проходил научно-педагогическую стажировку в университетах Великобритании, Франции, Бельгии, Нидерландов, Испании, Малайзии.

В 2003 году защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора юридических наук на тему «Теория и практика назначения наказания» по специальности «Правоведение».

С 1996 по 2013 год занимал должность ректора Карагандинского университета «Болашак». Под руководством Н.О. Дулатбекова был основан и развивался первый частный вуз в Караганде — институт актуального образования «Болашак» (в настоящее время Академия «Bolashaq»). Если в начальный период деятельности института обучалось порядка трехсот студентов по шести специальностям, то со временем численность обучающихся увеличилось до 6 500 человек. К 2012 году вуз уже предлагал программы подготовки по 14 специальностям бакалавриата, 4 направлениям магистратуры и докторантуры. Н.О. Дулатбеков значительное внимание уделял научно-исследовательской деятельности.

С 2002 года институт стал коллективным членом Международной кадровой академии — членом Европейской сети национальных информационных центров по академическому признанию и мобильности Совета Европы/ЮНЕСКО.

По инициативе Н.О. Дулатбекова реализован ряд крупных научно-исследовательских проектов, среди которых «Карлаг: память во имя будущего». Целью проекта являлось культурно-массовое приобщение граждан к теме политических репрессий и депортации народов в Казахстан. Рабочей группой под руководством Н.О. Дулатбекова проведен поиск архивных материалов, найдены очевидцы исторических событий и организованы встречи с потомками

известных узников Карлага, установлены памятные доски с именами видных политических и общественных деятелей Алихана Букейханова и Ныгмета Нурмакова на Донском кладбище (г. Москва). Огромная помощь оказана при организации Музея памяти жертв политических репрессий в поселке Долинка, проводились выставки в отечественных и зарубежных музеях, переданы книги и их переводы в крупнейшие ведущие библиотеки мира, культурные центры. Среди них: библиотека Гарвардского университета (США), научная библиотека МГУ им. М.В. Ломоносова (Россия), библиотека Токийского Кейзайского университета (Япония), национальная библиотека Франции (Париж), библиотека Королевского географического общества (Лондон) и т.д.

Из личного архива Н.О. Дулатбекова в Государственный архив Карагандинской области переданы документы в количестве 476 дел за 1822–2020 годы.

Нурлан Дулатбеков — автор идеи спектакля «Ахико из Актаса», поставленного Казахским национальным театром драмы им. М. Ауэзова, премьера которого состоялась в 2016 году в Алматы. В 2017 году с этим спектаклем театр выехал на гастроли в Японию.

Научные интересы Н.О. Дулатбекова сосредоточены на вопросах общей части уголовного права. В 2011 году Н.О. Дулатбеков стал победителем еже-

годного Республиканского конкурса в номинации «Профессор года в сфере “Право”», организованного Учебно-методической секцией по группе специальностей «Право» Министерства образования и науки Республики Казахстан. Ему принадлежит идея создания серии «Шедевры юридической мысли Казахстана», вызванная необходимостью переосмысления ценнейшего духовного наследия ведущих юристов старшего поколения с позиции сегодняшнего дня. Н.О. Дулатбеков является автором ряда монографий, учебников и учебных пособий по уголовному праву. Под его руководством изданы энциклопедии: «Сәкен Сейфуллин», «Қаз дауысты Қазыбек би» и «Бұқар жырау», посвященные казахским деятелям.

Помимо научной деятельности, Н.О. Дулатбеков активно участвовал в общественной и политической жизни Карагандинской области и республики. В 2005 году стал координатором Центра областного штаба партии «Нұр Отан», председателем Комиссии партийного контроля, членом Совета по борьбе с коррупцией, а также входит в состав областного политсовета.

С 2007 года избран депутатом Карагандинского областного маслихата по студенческому избирательному округу, работал в должности председателя Постоянной комиссии по соблюдению законности и прав граждан. В 2012 году вновь избран депутатом

Карагандинского областного маслихата. С 2013 по 2016 год занимал пост секретаря Областного маслихата по Карагандинской области. В 2016 году избран депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан, с 2022 г. член Национального Курултая при Президенте Республики Казахстан.

В 2020 году Н.О. Дулатбеков назначен ректором НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова». Стратегия развития университета под его руководством включает внедрение новых технологий в образовательную деятельность, развитие научных школ, воспитательную работу со студентами, социальную поддержку сотрудников и обучающихся. Особое внимание уделяется качеству преподавания и объективности оценивания студентов. Начата подготовка специалистов по новым, востребованным в регионе образовательным программам. Совместно с работодателями открыты современные специализированные кабинеты и лаборатории. Для удобства обучающихся модернизированы читальные залы библиотек, созданы коворкинг зоны, построены тренажерные залы, проведена полная реконструкция спортивных сооружений. Впервые за последние 30 лет развивается инфраструктура университета: введен в эксплуатацию технопарк, построена инновационная термос-теплица и дендропарк, начато строительство девятиэтажного сту-

денческого общежития на 500 мест, построены спортивные площадки в кампусе университета.

Эти годы отмечены активным развитием университетской науки, ежегодно выполняется более 100 проектов в рамках государственного заказа и по договорам с предприятиями региона. С 2020 по 2025 годы объем привлеченных от научной деятельности средств вырос более чем в 7 раз и превысил 20 % от общего дохода университета. В университете ведется подготовка по 17 образовательным программам докторантуры PhD, действует 12 диссертационных советов. На международный уровень вышли издаваемые университетом научные журналы.

Вуз стал привлекать лучших педагогов и ученых, в том числе выпускников программы «Болашақ», иностранных специалистов, практиков из различных отраслей. Значительно вырос контингент студентов, среди поступающих все больше представителей из других регионов страны, увеличивается доля иностранных студентов.

Постановлением правительства РК 5 апреля 2024 года НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова» присвоен статус исследовательского университета, что дало особые возможности для вуза. Правительством также утверждена Программа развития университета на 2024–2028 годы, включающая выделение бюджетных средств для развития инфраструктуры университета.

На протяжении всей трудовой деятельности Н.О. Дулатбеков ведет активную работу в редакционных советах и научных журналах: являлся главным редактором Международного научного журнала «Актуальные проблемы современности» (Казахстан–Россия), членом редакционного совета научно-практического журнала «Инновационное образование и экономика» (Омский экономический институт), членом редакционной коллегии журнала Верховного Суда и Союза судей «Тураби», в настоящее время — главный редактор научного журнала «Вестник Карагандинского университета. Серия “Право”».

Н.О. Дулатбеков член Российской академии юридических наук, член Академии педагогических наук Казахстана, член-корреспондент Международной кадровой академии (Украина), действительный член Международной славянской академии образования им. Я.А. Коменского (Молдова), член-корреспондент Петровской академии наук и искусств, член научно-консультативного совета при Верховном суде Республики Казахстан.

В 2012 г. Н.О. Дулатбеков избран членом-корреспондентом Национальной академии наук Республики Казахстан, в 2025 г. присвоено звание академика Национальной академии наук при Президенте Республики Казахстан.

Под руководством профессора Н.О. Дулатбекова восемь соискателей защитили кандидатские и

докторские диссертации. Н.О. Дулатбеков является автором более 300 научных трудов по различным актуальным темам, опубликованным в международных и отечественных изданиях.

Н.О. Дулатбеков награжден государственными наградами: орденом «Достық» II степени, орденом «Құрмет», кавалер «Ордена восходящего солнца, Золотые лучи на шейной ленте» (Япония); медалями: «10 лет независимости Республики Казахстан», «20 лет независимости Республики Казахстан», «30 лет независимости Республики Казахстан», «10 лет Конституции Республики Казахстан»; Золотой медалью Международной кадровой академии «За заслуги в образовании», Золотой медалью им. А. Байтурсынова, Юбилейной медалью «30 лет Ассамблее народа Казахстана», «За вклад в обеспечение экономической безопасности», нагрудными знаками «Почетный работник образования РК», «За вклад в развитие родного языка»; стал обладателем национальных премий конкурса «Алтын Адам — Человек года» в номинации «Юрист года в Казахстане», номинант Национальной премии Казахстана «Алтын Жүрек» (Золотое сердце) «За поддержку образования», награжден благодарственными письмами Президента Республики Казахстан.

BRIEF BIOGRAPHICAL OVERVIEW

Prominent figure in the education system of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Law, Professor Nurlan Orynbasarovich Dulatbekov was born on May 5, 1962, in the village of Aksu-Ayuly in the Shet district of Karaganda region, in the family of a civil servant. In 1979, he graduated from high school with honors and entered the Faculty of Law at Karaganda State University to pursue a specialization in “Jurisprudence.”

